

УДК 37.013.42

«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»: ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН БАЙЛЫНЫС

Жанботақызы Еркежан

zhanbotakzy@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Тусупова Г.К.

Қытайдың атақты философы Конфуций, егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім, себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді, идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды деп, сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесінің маңыздылығы туралы айтқан екен.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласындағы **«Таяу жылдардағы міндеттер» тарауында:**

«Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер.

VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі.

V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді.

Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады. X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды.

1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады.

Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды.

1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді.

Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім.

Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз.

Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз.

Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек.

Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес.

2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет» -деген болатын [1.]

Мақала шыққаннан соң да Әзімбай Ғали былай деп жазған еді: «Қазақша документ айналымы азаяды. Себебі латын әрпінде жазылған құжатты түсіну қиын болады. Орысшасын оқитын боламыз. Ол қазақ тілін шегіндіреді. Біздің түпкі мақсатымыз қазақты қазақтандыру еді, кирилл әрпін бәрі біліп тұрғанда, қазақтандыру мүмкіншілігі көбірек еді. Енді орыс тілді қазақты латын әрпі арқылы қазақшаға үйрету қиындау тиер. Бізге латын жазуы емес тиянақты мемлекеттік тіл саясаты керек. Егер де, жазу ауыстырсақ, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру мүмкін болмас. Себебі, көп қазақ латын жазуын игергенше тағы уақыт керек болады» [2].

Латынға Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан КСРО ыдырағаннан кейін ауысты. Сол елдердің тәжірибесіне қарасақ, мысалы, Өзбекстан 1928 жылға дейін өзбек тілі араб әліпбиін қолданған. 1928-40 жылдар аралағында жазулары латын әліпбиі негізінде болған. 1940-1992 жж. кириллица қолданылып. 1993 жылы өзбек тілі қайта латын тіліне көшіп, қазіргі кезге дейін қолданып келеді. Өзбек латын тілінің ерекшелігі - арнайы символдар мен диакритикалық белгілердің жоқтығы (тек апострофтар бар). Классикалық латын кириллицамен салыстырғанда 7 әріпке кем, сондықтан арнайы белгілер мен символдардың жоқ болу есебінен кейбір әріптерді екі еселеуге тура келеді. Нәтижесінде апострофпен қосқанда 29 әріптен тұратын өзбек латын әліпбиі құрылған. Сол сияқты Әзірбайжанда 1925 жылдарға дейін ресми әліпби рөлін араб тілі атқарды. 1926-39 жылдары латын әліпбиін қолданса, 1940-2001 жылдары кириллица, одан кейін 2001 жылы қайта латын әліпбиіне көшті. Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 32 әріп бар [3].

Қазақ тілінің емлесін құрастырушылардың бірі М.Балақаев өз пікірін былайша білдіреді: «Орфография жалпыға ортақ, оның ережелері бір ізге түсіп, әбден

қалыптаспайынша, жалпыхалықтық тіл нормасын жасау, әдебиет тілінің еркін дамып, қалыптаса беру процесін тездету, жалпыға ортақ орфографиялық норма жасау, мектептерде тіл сабағын оқытуды дұрыс жолға қою мүмкін емес».

Қазіргі таңда адамдар жетістікке жету үшін кемінде үш тіл білуі керек. Ең бірінші кезекте адам толықтай өзінің ана сүтімен берілген ана тілін жеткілікті білуге міндетті. Екіншіден, өзінің тұрып жатырған елінің мемлекеттік тілін білуге, үшіншіден, егерде тұлға адамзат дамуынан артта қалғысы келмесе халықаралық қарым-қатынас тілін білуге міндетті [4].

Ж. Аймауытов «Емлені өзгертуге жоба» деген мақаласында: «...Емлені өзгерту керек дегендегі көзде тұтатұн бас нысанам – сөзді грамматике заңына тірей бермей, қалай естілсе, солай жазу, емле ережелерін азайту, яғни жоғалту», – деп жазған болатын [5, 186]. Ал А.Байтұрсынов та араб жазуына негізделген әліпбиді ұсынғанда фонетикалық ұстанымды мақұл көрді. Ол: «Хасыл кәләм ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху не сарф жолыменен ыспат етілсін», – дейді [6, 382].

1	A a	[a]	17	N' n'	[n], [nr]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[o']
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[p]
7	G g	[r]	23	S s	[c]
8	G' g'	[r']	24	S' s'	[ш]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[ч]
10	I i	[i]	26	T t	[r]
11	I' i'	[i], [i']	27	U u	[y]
12	J j	[ж]	28	U' u'	[y']
13	K k	[k]	29	V v	[b]
14	L l	[л]	30	Y y	[ы]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[y]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

1-сурет. Латын графикасына негізделген қазақ тілі ӘЛІПБИІ.

Қорыта келгенде, қазақ тілі емлесі мен әліпбиінің тарихына терең үңілген болсақ, ережелерінің өзгеруі тілдің ұлттық болмысын тұрақты сақтап қалу үшін емес, қоғам талабына сай бейімделу уәжі басым тұратынын байқаймыз. Қазіргі таңда латын негізді қазақ әліпбиі бойынша емле жасауда қазақтың табиғатына тән сөйлеу ерекшелігіне сүйене отырып, бірқатар сөздердің жазылуын «Ахмет Байтұрсынұлыша» таңбалауды қайта енгізу керек деген пікірлер өз ұсыныстарын жариялауда. Бұдан да басқа ескеретін жәйттер көп. Бүгінгі күні қоғамда емле ережелеріне бағынбаудан туындайтын жағдайлар дұрыс жазудың бірізділік қалпын сақтай алмай отыр. Демек емле ережелеріне қатысты мәселелерді жиі талқылап, жұртшылыққа насихаттап отыруымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. //Егемен Қазақстан. 2017.- 12-сәуір. Электронды ресурс: <https://egemen.kz>
2. Өзімбай Ғали. <http://qazaqtimes.com/article/8505>.
3. Толығырақ: <https://e-history.kz/kz/contents/view/6807>

4. Айгүл Әмірбекова «Латын әліпбиінің емлесі мен жазылуы» атты мақаласы. // Jas qazaq. 2018.- 8-маусым. www.jasqazaq.kz
5. Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Нұр-Сұлтан: Елорда. – 2000.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.